| | |
|---|---|
| **" BeeClever " МҚҰ" ЖШС<br>Жеке Қатысушының<br>29.07.2024 ж. №3 шешімімен<br>Бекітілген** | **Утвержден<br>Решением единственного участника<br>ТОО «МФО «BeeClever»<br>№29-07-2024 от 29.07.2024 г.** |
| **" BeeClever " МҚҰ" ЖШС-ның<br>Микрокредит беру туралы шарты** | **Договор о предоставлении<br>микрокредита<br>ТОО «МФО «BeeClever»** |
| Осы микрокредит беру туралы шарт "BeeClever" микроқаржы ұйымы" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – "Қарыз беруші") мен қарыз алушы арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады. Қарыз беруші мен Қарыз алушы бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап", немесе жоғарыда айтылғандай, деп аталады. | Настоящий договор о предоставлении микрокредита является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан между Товариществом с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «BeeClever» (далее – «Заимодатель») и заемщиком. Заимодатель и Заемщик далее совместно именуются «Стороны», а по отдельности «Сторона» или, как указано выше. |
| Осы микрокредит беру туралы шарты Қарыз алушы микрокредит беру шартына қосылуға Өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қою арқылы жасалады. Осы микрокредит шарты, Өтініш, сондай-ақ Өтінішке қосымшалар мен толықтырулар бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, оның шарттары жалпы алғанда Қарыз алушы толығымен және тұтастай қабылдаған бірыңғай микрокредиттік шартты (бұдан әрі – Шарт) құрайды. Қарыз алушының Өтінішке қол қойған күні Шарттың күшіне енген күні болып табылады. Қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін толық орындаған күні Шарттың қолданысы тоқтатылған күн болып табылады. | Настоящий договор о предоставлении микрокредита заключается путем подписания Заемщиком Заявления о присоединении к договору о предоставлении микрокредита (далее – «Заявление»). Настоящий договор о предоставлении микрокредита, Заявление, а также приложения и дополнения к Заявлению являются неотъемлемыми частями друг друга, в совокупности составляют единый договор о предоставлении микрокредита (далее - «Договор»), условия которого принимаются Заемщиком полностью и в целом. Датой вступления договора в силу является дата подписания Заемщиком Заявления. Датой прекращения действия Договора является дата полного исполнения Заёмщиком обязательств перед Займодателем. |
| Қарыз беруші Қарыз алушыға мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық шарттарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен Микрокредит береді. | Заимодатель предоставляет Заемщику Микрокредит в национальной валюте Республики Казахстан, на условиях срочности, платности и возвратности. |

| | |
|---|---|
| Шарт бойынша қамтамасыз етудің болуы Өтінішпен анықталады. Қамтамасыз ету бар болған жағдайда қосымша түрде қамтамасыз ету шартына қол қойылады. | Наличие обеспечения по Договору определяется Заявлением. В случае наличия обеспечения дополнительно подписывается договор обеспечения. |
| **1. Шарттың жалпы талаптары** | **1. Общие условия договора** |
| 1.1. Өтінішке қол қойылған күн Шарт жасалған күн болып табылады. | 1.1. Датой заключения Договора является дата подписания Заявления. |
| 1.2. Қарыз беруші Қарыз алушыға осы шарт және қосылу келісімде белгіленген тәртіпте микрокредит (бұдан әрі – «Микрокредит») береді, өтініште анықталған сомада, мерзімде және мақсаттар үшін. | 1.2. Заимодатель предоставляет Заемщику микрокредит (далее – «Микрокредит») в порядке, установленном настоящим Договором, в сумме, на срок и для целей, определенных в Заявлении. |
| 1.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептеледі және Өтінішпен айқындалады. | 1.3. Ставка вознаграждения за пользование микрокредитом и годовая эффективная ставка вознаграждения рассчитываются в соответствии с требованиями уполномоченного органа и определяются Заявлением. |
| 1.4. Микрокредитті өтеу тәсілі өтініште айқындалады: біржолғы немесе бөліктермен.<br>Микрокредит Қарыз берушінің кассасындағы қолма-қол ақшамен (ол бар болса), арқылы немесе Микрокредит сомасын Қарыз алушының картасына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен немесе Өтініште көрсетілген басқа тәсілмен беріледі. Микрокредитті берген күн – Қарыз берушіҚарыз алушының картасына Микрокредит берген немесе Микрокредитті қолма-қол берген күн деп саналады. | 1.4. Способ погашения микрокредита определяется в Заявлении: единовременно либо частями.<br>Микрокредит предоставляется путем выдачи наличными через кассы Заимодателя (при наличии таковых), или путем безналичного перечисления суммы Микрокредита на карту Заемщика, предусмотренные в Заявлении.Днем выдачи Микрокредита считается день перечисления Заимодателем Микрокредита на карту Заемщика, либо выдачи Микрокредита наличными средствами. |
| 1.5. Картасының деректерін Қарыз алушы Өтініште дербес көрсетеді, осыған байланысты Қарыз алушы мұндай деректерді дұрыс көрсетпеген жағдайда, Қарыз алушы микрокредит алмау тәуекеліне өзі дербес жауапты болады, бұл ретте микрокредит берілген болып есептеледі. | 1.5. Данные карты указываются Заемщиком в Заявлении самостоятельно, в связи с чем, в случае некорректного указания Заемщиком таких данных, Заемщик самостоятельно несет риск неполучения микрокредита, при этом микрокредит будет считаться выданным. |

| | |
|---|---|
| 1.6. Микрокредитті өтеу мерзімі, тәсілі мен әдісі өтініште айқындалады, бұл ретте Қарыз беруші Қарыз алушының таңдауына микрокредитті өтеу кестесінің төмендегідей жобаларын міндетті түрде ұсынады:<br><br>1.6.1. микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш пен негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша төлемдердің тең сомаларын қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісімен;<br><br>1.6.2. микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғаятын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісімен.<br><br>Қарыз беруші сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредитті өтеу кестесінің өзге де жобаларын ұсына алады.<br>Сыйақыны есептеу үшін мерзімді есеп жүргізу Қарыз алушыға Микрокредит берген күннен кейінгі күннен басталады.<br>Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептеледі. Сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің саны үшін микрокредит берілген күннен бастап жүргізіледі, бұл ретте жылына 365 күнтізбелік күнге тең күндер саны және айдағы нақты күндер саны есепке алынады, бұл ретте микрокредит берілген күн мен оны өтеген күн бір күнтізбелік күн | 1.6. Срок, способ и метод погашения микрокредита определяется в Заявлении, при этом, Займодатель в обязательном порядке предоставляет на выбор Заемщика следующие проекты графиков погашения микрокредита:<br>1.6.1. методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими в себя равные суммы платежей по основному долгу и вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга;<br>1.6.2. методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающим увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному на остаток основного долга.<br>Займодателем так же могут быть предложены Заемщику иные проекты графиков погашения микрокредита.<br>Отсчёт срока для начисления вознаграждения начинается со дня, следующего за днем выдачи Заемщику Микрокредита. Ставка вознаграждения за пользование микрокредитом и годовая эффективная ставка вознаграждения рассчитываются в соответствии с требованиями уполномоченного органа. Начисление вознаграждения производится с даты предоставления микрокредита за фактическое количество дней пользования микрокредитом, при этом в расчет берется количество дней в году равное 365 календарным дням и фактическому количеству дней в месяце, при этом день выдачи микрокредита и день его погашения принимаются за один календарный |

| | |
|---|---|
| болып қабылданады. | день. |

| | |
|---|---|
| 1.7. Микрокредиттің негізгі сомасын және Микрокредитті пайдалану үшін сыйақыны өтеуді Қарыз алушы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді (№1 Қосымшасы, бұдан әрі – Шартқа «Өтеукестесі»).<br>Жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қарыз алушының берешегін төмендегідей кезектілікпен өтейді:<br>1) негізгі борыш бойынша берешек;<br>2) сыйақы бойынша берешек;<br>3) микрокредит беру туралы шартта айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;<br>5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;<br>6) микроқаржы ұйымының орындауды алу бойынша шығындары.<br><br>Өтеу кестесі бойынша жоспарлы төлем сомасынан көп мөлшерде төлемді аудару кезінде жоспарлы төлемнен асатын сома кесте бойынша келесі төлем кезеңінде микрокредитті өтеуге есептеледі (бұл ретте негізгі борыш пен сыйақы сомалары қайта есептелмейді, Өтеу кестесін қайта қарау жүзеге асырылмайды). | 1.7. Погашение основной суммы Микрокредита и вознаграждения за пользование Микрокредитом осуществляется Заемщиком согласно графику погашения, который является неотъемлемой частью Договора.<br>Сумма произведенного Заемщиком платежа по договору о предоставлении микрокредита, заключенному с физическим лицом, в случае, если она недостаточна для исполнения обязательства заемщика по договору о предоставлении микрокредита, погашает задолженность заемщика в следующей очередности:<br>1) задолженность по основному долгу;<br>2) задолженность по вознаграждению;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном договором о предоставлении микрокредита;<br>4) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>6) издержки микрофинансовой организации по получению исполнения.<br><br>При перечислении платежа, в размере большем, чем сумма планового платежа по графику погашения, сумма, превышающая плановый платеж засчитывается в погашение микрокредита в следующем по графику платежном периоде (при этом суммы основного долга и вознаграждения не пересчитываются, пересмотр Графика погашения не осуществляется). |

| | |
|---|---|
| 1.8. Микрокредит бойынша өтеу күні болып ақшаның Қарыз берушінің банктік шотына немесе кассасына нақты түскен күні есептеледі. Қолма-қол ақшамен Қарыз алушының кассасында өтеу өтеу күні сағат 16-00 дейін жүргізіледі.<br>Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақы төлегені үшін Қарыз алушы мөлшері Өтініште көрсетілетін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуге міндеттенеді. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Қарыз алушыны микрокредитті қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды. | 1.8. Днем погашения считается день фактического поступления денег на банковский счет либо в кассу Заимодателя. Погашение наличными в кассе Заимодателя производится в день погашения до 16-00 часов.<br>За несвоевременное погашение основного долга и оплату вознаграждения Заёмщик обязуется оплатить неустойку (штраф, пеню) размер, которой указывается в Заявлении. Уплата неустойки (штрафа, пени) не освобождает Заемщика от исполнения обязательств по возврату микрокредита и уплате вознаграждения. |

| | |
|---|---|
| 1.9. Қарыз алушы Микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу Қарыз берушіні жазбаша хабарландырумен Қарыз берушіге Микрокредитті нақты пайдалану уақыты үшін сыйақыны төлеген жағдайында мүмкін болады. Қарыз алушы Қарыз берушіге Микрокредит сомасын Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару үшін айыппұл санкцияларын төлеусіз, мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы.<br>"Ішінара мерзімінен бұрын өтеу "немесе" толық мерзімінен бұрын өтеу " - МҚҰ электрондық поштасына жіберілген жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады: info@beecredit.kz.<br>Егер тиісті функцияны таңдағаннан кейін енгізілген сома микрокредитті толығымен немесе ішінара өтеу үшін жеткілікті болса, микрокредит толық немесе ішінара автоматты түрде өтеледі, Қарыз берушінің қосымша хабарламалары талап етілмейді. Микрокредитті өзге тәсілдермен ішінара немесе толық өтеген жағдайда, Қарыз алушы Қарыз берушіге: info@beecredit.kz. электрондық мекенжайы бойынша өз қолымен қол қойылған хабарламаның көшірмесін жібереді.<br>Ішінара мерзімінен бұрын өтеу кезінде, егер енгізілген сома жеткілікті болса, өтеу кестесі бойынша төлемдер саны қысқарады, бұл ретте ай сайынғы сома өзгермейді. | 1.9. Досрочный полный или частичный возврат Микрокредита Заемщиком возможен с письменным уведомлением Заимодателя, при условии уплаты им Заимодателю вознаграждения за фактическое время пользования Микрокредитом. Заемщик имеет право досрочно полностью или частично возвратить Заимодателю сумму Микрокредита, предоставленную по Договору, без уплаты штрафных санкций за досрочный возврат Микрокредита.<br>«Частичное досрочное погашение» или «полное досрочное погашение» - осуществляется на основании письменного заявления, направленного на электронную почту МФО: info@ beecredit.kz.<br>Если суммы внесенной после выбора соответствующей функции достаточно для погашения микрокредита полностью или частично микрокредит погашается полностью или частично автоматически, дополнительных уведомлений Займодателя не требуется. В случае частичного или полного погашения микрокредита иными способами Заемщик направляет Займодателю копию подписанного собственноручно уведомления по электронному адресу: info@beecredit.kz.<br>При частичном досрочном погашении, если внесенной суммы достаточно, сокращается количество платежей по графику погашения, при этом сумма ежемесячного не изменяется. |

| | |
|---|---|
| 1.10. Қарыз алушы Шарт бойынша берешекті толық өтеген жағдайда, Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл ретте Тараптар арасында Шартты бұзу туралы келісімге қол қою талап етілмейді. Шарт бұзылған кезде Қарыз алушыда Шарт бойынша артық төлем болған жағдайда, Кредитор Қарыз алушының Кредитордың техникалық қызметіне жазбаша өтініші негізінде артық төлем сомасын Қарыз алушыға info@beecredit.kz. мекенжайы бойынша қайтаруға міндетті. Артық төленген ақшаны қайтару, егер жазбаша өтініште өзгеше көрсетілмесе, ақшаны Қарыз алушының төлем карточкасына аудару жолымен жүргізіледі. | 1.10. Договор считается расторгнутым, в случае полного погашения Заемщиком задолженности по Договору. При этом подписание между сторонами соглашения о расторжении Договора не требуется. В случае имеющейся у Заемщика переплаты по Договору на момент расторжения Договора, Кредитор обязан возвратить Заемщику сумму переплаты на основании письменного обращения Заемщика в техническую службу Кредитора по адресу info@beecredit.kz. Возврат излишне уплаченных денег производится путем перевода денег на платежную карточку Заемщика, если иное не указано в письменном обращении. |
| 1.11. Шарт бойынша сыйақының мөлшері мен есептеу тәртібі, сондай-ақ, өтеу мерзімдерін өзгертуді қосқанда, осымен байланысты әрекеттер мен Өтеу кестесін өзгерту, екі Тараптың Шартқа қосымша келісімге қол қоя отырып, өзгертілуі мүмкін. | 1.11. Размер и порядок расчета вознаграждения по Договору, а также связанные с этим действия и изменения Графика погашения, включая изменение сроков погашения, могут быть изменены посредством заключения Сторонами дополнительного соглашения к Договору. |
| 1.12. Қарыз алушының Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуі салдарынан өтеу кестесін өзгерту қосымша келісімдерге қол қоюды талап етпейді. Микрокредитті өтеудің жаңа кестесі қарыз алушының жеке кабинетінде Қарыз берушінің https://beecredit.kz/ сайтында қалыптастырылады.<br>Жеке кабинетте өтеудің жаңа кестесі қалыптасқан сәттен бастап бұрынғы өтеу кестесі заңды күшін жоғалтады. | 1.12. Изменение Графика погашения, вследствие частичного досрочного погашения Микрокредита Заемщиком не требует подписания дополнительных соглашений. Новый График погашения микрокредита формируется в Личном кабинете Заемщика на сайте Займодателя https://beecredit.kz/<br>С момента формирования в Личном кабинете нового Графика погашения прежний График погашения утрачивает юридическую силу. |

| | |
|---|---|
| 1.13. Қарыз берушінің пошталық және электрондық мекенжайы, сондай-ақ Қарыз алушының ресми интернет-ресурсы туралы деректер: Казахстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, улица Байтасова, 45 үй, кв. 6, 050010 пошта индексі.<br>Электрондық пошта мекенжайы: info@beecredit.kz.<br>Ресми интернет-ресурсы: https://beecredit.kz/ | 1.13. Почтовый и электронный адрес Заимодателя, а также данные о официальном интернет-ресурсе Заимодателя: Казахстан, город Алматы, Медеуский район, улица Байтасова, дом 45, кв. 6, почтовый индекс 050010.<br>Адрес электронной почты: info@beecredit.kz.<br>Официальный интернет-ресурс: https://beecredit.kz/ |
| 1.14. Қарыз алушының тіркелген жерінің және/немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы Өтініште көрсетіледі. | 1.14. Адрес места регистрации и/или места жительства Заемщика указывается в Заявлении. |
| 1.15. Қарыз беруші шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғаменқұқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты қамтиды. | 1.15. При уступке Заимодателем права (требования) по договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с заемщиком в рамках договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование). |
| **2. Қарыз алушының құқықтары және міндеттері** | **2. Права и обязанности Заемщика** |
| **Қарыз алушы мыналарға құқылы:** | **Заемщик имеет право:** |
| 2.1. Микрокредиттерді беру қағидаларымен, Қарыз берушінің микрокредиттерді беру жөніндегі тарифтерімен танысу. | 2.1. Ознакомиться с правилами предоставления микрокредитов, тарифами Заимодателя по предоставлению микрокредитов. |
| 2.2. Алынған микрокредитке осы Шартпен және Өтінішпен белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік ету. | 2.2. Распоряжаться полученным Микрокредитом в порядке и на условиях, установленных настоящим Договором и Заявлением. |

| | |
|---|---|
| 2.3. Егер, негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеу. | 2.3. В случае, если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени). |
| 2.4. Осы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару.<br>Оған ақша аударғаннан немесе МҚҰ кассасынан ақша алғаннан кейін микрокредиттен бас тартуға. Бұл ретте, микрокредитті Қарыз алушы микрокредит берілген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде бірыңғай төлеммен қайтаруы тиіс, әйтпесе Шарттың талаптарына сәйкес микрокредит сомасына сыйақы есептелетін болады. | 2.4. Досрочно полностью или частично возвратить Заимодателю сумму Микрокредита, предоставленную по настоящему Договору, без оплаты неустойки (штрафа, пени).<br>Отказаться от микрокредита после перечисления ему или получения им денежных средств в кассе МФО. При этом, микрокредит должен быть возвращен Заемщиком в МФО в течении одного рабочего дня с момента предоставления микрокредита, единым платежом, в противном случае на сумму микрокредита в соответствии с условиями Договора будет начислено вознаграждение. |

| | |
|---|---|
| 2.5. Жеке тұлға Қарыз алушы міндеттемелерді орындау мерзімі өте бастаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз берушіге бару және (немесе) жазбаша нысанда не шартта, өтініш көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және оның шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсыну, оның ішінде мыналармен байланысты құқылы.<br>a) сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;<br>b) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;<br>c) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтейотырып өзгерту;<br>d) микрокредит мерзімін өзгерту;<br>e) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;<br>f) тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес сатуы;<br>g) шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына Қарыз берушіге кепілге қойылған мүлікті беру арқылы бастарту төлемін ұсынуға;<br>h) сатып алушыға шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу. | 2.5. В течение тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по Договору Заемщик - физическое лицо вправе посетить Заимодателя и (или) представить в письменной форме либо способом, предусмотренным Договором, заявления, содержащего сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в том числе связанных с:<br>a) изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения либо значения вознаграждения по Договору;<br>b) отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;<br>c) изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке<br>d) изменением срока Микрокредита;<br>e) прощением просроченногоосновного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по Микрокредиту;<br>f) самостоятельной реализацией залогодателем недвижимого имущества, являющегося предметом ипотеки, в сроки, установленные соглашением Сторон;<br>g) представлением отступного взамен исполнения обязательства по Договору путем передачи Заимодателю заложенногоимущества;<br>h) реализацией недвижимого имущества, являющегося предметом ипотеки, с передачей обязательства по Договору покупателю. |

| | |
|---|---|
| 2.6. Қарыз алушы Қарыз берушінің шарттың с) тармақшасы 4.6. тармағында (Қарыз берушінің шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы) көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде бір мезгілде Қарыз алушыны хабардар ете отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы. | 2.6. Заемщик вправе в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения Заимодателя, предусмотренного подпунктом с) пункта 4.6. Договора (об отказе Заимодателя изменять условия Договора) или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора обратиться в уполномоченный орган с одновременным уведомлением Заимодателя. |
| 2.7. Жеке тұлға Қарыз алушы микроқаржылық қызметі туралы Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін ұйым осы Қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге құқылы. | 2.7. Заемщик- физическое лицо вправе обратиться к банковскому омбудсману в случае уступки Заимодателем права (требования) по Договору для урегулирования разногласий с лицом, указанным в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона о микрофинансовой деятельности. |
| 2.8. Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша өтініш жасау. | 2.8. Письменно обратиться к Заимодателю при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам. |
| 2.9. Микроқаржылық қызметі туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен және осы шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру. | 2.9. Осуществлять иные права, установленные Законом о микрофинансовой деятельности, иным законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором. |
| **Қарыз алушы мыналарға міндетті:** | **Заемщик обязан:** |
| 2.10. Алынған Микрокредитті қайтару және ол бойынша Шартпен және қосылушартымен белгіленген мерзімдерде және тәртіпте сыйақы төлеу. | 2.10. Возвратить полученный Микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, которые установлены Договором. |
| 2.11. Қарыз беруші заңға сәйкес сұрайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну. | 2.11. Представлять документы и сведения, запрашиваемые Заимодателем в соответствии с законодательством. |

| | |
|---|---|
| 2.12. Микрокредитті өтеуді Өтеу кестесіне сәйкес жүргізу, сондай-ақ, есептелген жағдайда, Шартпен/Өтінішпен көзделген мөлшерлерде өсімпұлдарды төлеу. | 2.12. Своевременно производить погашение Микрокредита согласно Графику погашения, а также, в случае начисления, погашать неустойку (пени) в размерах, предусмотренных Договором/Заявлением. |
| 2.13. Қарыз берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға апаруы мүмкін нақты және/немесе ықтималды жағдайлар туралы уақытылы хабарландыру. | 2.13. Своевременно уведомлять Заимодателя о реальных и/или потенциальных обстоятельствах, способных повлечь невыполнение обязательств по Договору. |
| 2.14. Шарттың әрекет ету кезеңінде Шартқа қол қою күніне, сондай-ақ болашақта туындаған Шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауды бірінші кезектегі тәртіпте жүргізу. | 2.14. В период действия Договора производить исполнение финансовых обязательств по Договору в первоочередном порядке по отношению ко всем другим финансовым обязательствам, как существующим на дату подписания Договора, так и возникшим в будущем. |
| 2.15. Шарттың әрекет ету кезеңінде қарыз алу шарттарын жасамау, қарыздар, кепілдіктер, таппсырмалар бермеу, сондай- ақ осыған ұқсас заң табиғатындағы мәмілелерді Қарыз берушінің жазбаша келісімінсіз жасамау. | 2.15. В период действия Договора не заключать договоры займа, не предоставлять займы, гарантии, поручительства, а также не осуществлять сделки с аналогичной юридической природой, без письменного согласия Заимодателя. |
| 2.16. Шарттың әрекет ету кезеңінде кепілге қою шарттарын жасамау, немесе өзге де түрде өз мүлкін иеліктен айырмау, ауыртпалықтар жасамау (соның ішінде, Шартты жасағаннан кейін оның меншігіне түскен), сол сәттегі және болашақ кірістерді жасамау. | 2.16. В период действия Договора не заключать договоры залога, либо иным образом не отчуждать и не создавать обременений на свое имущество (в том числе, поступившее в его собственность после заключения Договора), настоящие и будущие доходы. |
| 2.17. Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді Қарыз берушінің тиісті жазбаша талабы түскен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде ұсыну. | 2.17. Предоставить обеспечение исполнения обязательств в течение 10 календарных дней со дня соответствующего письменного требования Заимодателя. |
| 2.18. Қарыз берушіні банктерде (жеке банктік операцияларды жүргізетін ұйымдарда) банктік шоттардың болуы,ашылуы, жабылу туралы жазбаша хабарландыру. | 2.18. Письменно извещать Заимодателя о наличии, открытии, закрытии банковских счетов в банках (организациях, осуществляющих отдельные банковские операции). |

| | |
|---|---|
| 2.19. Шарттың әрекет ету кезеңінде Қарыз берушіге, ақшаны өндіріп алу туралы атқару қағаздарын беру, сондай-ақ Қарыз алушыға/ Гаранта, если микрокредит обеспечен гарантией третьих лиц қатысты атқару өндірісін қозғау туралы мәліметтерді қосқанда, тыйым салу/өзінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы ақпаратты беру. | 2.19. В период действия Договора предоставлять Заимодателю информацию о наложении ареста/приостановлении расходных операций по своим банковским счетам, включая сведения о выдаче исполнительных листов о взыскании денег, а также о возбуждении исполнительного производства в отношении Заемщика/ Гаранта, если микрокредит обеспечен гарантией третьих лиц. |
| 2.20. Жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтері, пошта деректемелері, тіркеу мекенжайы мен тұрғылықты жері, жұмыс орны, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, Қарыз алушы Қарыз берушіге ұсынған кез келген өзге де мәліметтер өзгерген кезде күнтізбелік 3 күн ішінде Қарыз берушіге осындай өзгерістер туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Қарыз беруші Қарыз алушы ұсынған қандай да бір мәліметтер мен деректердің өзгергені туралы хабардар етпеген жағдайда, Қарыз алушымен Өтініште көрсетілген деректер түпнұсқа және өзекті болып саналады. | 2.20. При изменении сведений документов, удостоверяющих личность, почтовых реквизитов, адреса регистрации и места проживания, места работы, номеров телефонов, адресов электронных почт, любых иных сведений, предоставленных Заемщиком Займодателю, в течение 3-х календарных дней письменно сообщить Заимодателю о таких изменениях. В случае неуведомления Займодателя об изменении каких-либо предоставленных Заемщиком сведений и данных подлинными и актуальными считаются данные, указанные Заемщиком в Заявлении. |
| 2.21. Микрокредитті Шарт талаптарына сәйкес және Шартта көзделген мерзімдерде мерзімінен бұрын қайтаруды жүзегеасыру. | 2.21. Осуществлять досрочный возврат Микрокредита в соответствии с требованиями и в сроки, предусмотренные Договором. |
| 2.22. Қарыз беруші Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алған жағдайда Микрокредит сомасын қайтару және тұрақсыздық төлемі мен Шарт бойынша өзге де төлемдерді Қарыз беруші бұл туралы талапты қойған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде немесе Қарыз берушінің хабарламасында көрсетілген өзге мерзімде төлеу. | 2.22. В случае досрочного взыскания Заимодателем суммы Микрокредита возвратить сумму Микрокредита и уплатить неустойки и иные платежи по Договору в течение 10 (десяти) календарных дней со дня предъявления Заимодателем требования об этом или в иной срок, указанный в уведомлении Заимодателя. |

| | |
|---|---|
| 2.23. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және шартпен белгіленген өзге де талаптарды орындау. | 2.23. Выполнять иные требования, установленные законодательством Республики Казахстан и договором. |
| **3. Қарыз берушінің құқықтары, міндеттері мен шектеулері** | **3. Права, обязанности и ограничения для Заимодателя** |
| **Қарыз беруші мыналарға құқылы:** | **Заимодатель вправе:** |
| 3.1. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шартта белгіленген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ қамтамасыз етумен берілген Микрокредит әртүрлі себептер бойынша қамтамасыз етілмеген (немесе осындай қауіп төнген) жағдайда Қарыз беруші төмендегідей іс-әрекеттер жасауға құқылы: | 3.1. При невыполнении Заемщиком своих обязательств в установленные Договором сроки, а также, если выданный с обесчением Микрокредит окажется по различным причинам необеспеченным (или существует реальная угроза этого), Заимодатель вправе: |
| а) Микрокредитті әрі қарай жіберуді тоқтату және/немесе Қарыз алушыға мерзімді азайту туралы Хабарлама жолдау арқылы Микрокредит сомасы мен сыйақы сомасын тез арада өтеу мақсатында Микрокредит мерзімін азайту; | а) приостановить предоставление Микрокредита и (или) уменьшить срок микрокредита с целью скорейшего погашения суммы микрокредита и суммы вознаграждения путем направления заемщику уведомления об уменьшении срока; |
| b) Келісім бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды оның кепілгерлерінен талап етуге; | b)требовать исполнения обязательств Заемщика по Договору гарантами, если обеспечением исполнения обязательств по нему выступает гарантия третьего лица; |
| с) Қосалқы қарыз алушылар бар болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді бір бөлікте, сондай-ақ толығымен, бір Қарыз алушыдан және/немесе барлық Қарыз алушылардан талап етуге. | с) в случае наличия созаемщиков, требовать исполнения обязательств по Договору, как в части, так и полностью, от одного Заемщика и/или от всех Заемщиков. |

| | |
|---|---|
| 3.2. Мынадай жағдайларда Қарыз беруші қарыз сомасын және сыйақыны мерзімінен бұрын өндіріп алуға не болмаса қамтамасызетуді өндіріп алуға не болмаса міндеттемелерді орындаудыкепілгерлерден талап етуге не болмаса үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жүгінуге құқылы:<br>а) Қарыз алушы микро кредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік 40 (қырық) күннен асыра отырып бұзған кезде микрокредит және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап<br>ету мүмкіндігін көздеуге;<br>а)Қарыз алушы осы Келісім бойынша қандай да бір кепілдікті бұзған, Микрокредит беру өтінімінде қате мәлімет берген жағдайда, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті мүліктің болуы туралы мәліметтерді қоса алғанда;<br>с) Қарыз алушы осы Келісім бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда;<br>d) Қарыз алушы сот процесіне тартылған және/немесе оның мүлкіне тыйым салынған немесе өндіріп алу қолданылады (немесе осындай жағдайлардың нақты басталу қаупі бар); | 3.2. Заимодатель вправе требовать досрочного возврата суммы Микрокредита и вознаграждения по нему, и/или обратить взыскание на обеспечение, и/или требовать исполнения обязательств Заемщиками, гарантами, и/или присоединиться к взысканию, осуществляемому третьими лицами в случаях, если:<br>a) Заемщик нарушил срок, установленный для возврата очередной части Микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней.<br>b) Заемщик допустил нарушение гарантий и заверений по Договору, предоставил недостоверные сведения в заявке на предоставление Микрокредита, включая сведения о наличии имущества, достаточного для исполнения обязательств по Договору.<br>c)Заемщик иным образом не исполняет или ненадлежащим образом исполняет иные обязательства, взятые им на себя понастоящему Договору.<br>d) Заемщик вовлечен в судебный процесс и/или если на его имущество был наложен арест или обращено взыскание (или существует реальная угроза наступления таких обстоятельств). |
| 3.3. Осы Келісімнің сыйақыны есептеуге, сондай-ақ міндеттемелерді тиісті түрде орындамау үшін салынатын айыпақыны есептеуге қатысты әрекет етуін Қарыз беруші өзінің өкілетті органының шешімі бойынша уақытша тоқтата тұруы мүмкін. | 3.3. Действие настоящего Договора в части начисления вознаграждения, а также неустойки за ненадлежащее исполнение обязательств может быть приостановлено Заимодателем по решению его уполномоченного органа. |
| 3.4. Осы шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге. | 3.4. Изменять условия настоящего Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика. |

| | |
|---|---|
| 3.5. Қарыз алушы орындалмаған міндеттемені нотариустың атқарушы жазбасының негізінде берешекті өндіріп алу.<br>Тараптар нотариустың атқарушылық жазбасы Кредитордың өтініші негізінде Кредитордың таңдауы бойынша жасалуы мүмкін деп келісті:<br>- тіркелген жері бойынша (Қарыз алушының заңды мекенжайы);<br>- қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша (Өтініште көрсетілген Қарыз алушының нақты тұрғылықты мекенжайы);<br>- Өтініште көрсетілген Қарыз алушының өзге мекенжайы бойынша. | 3.5. Взыскать задолженность на основании исполнительной надписи нотариуса.<br>Стороны договорились, что исполнительная надпись нотариуса может быть совершена по выбору Кредитора, на основании заявления Кредитора:<br>- по месту регистрации (юридический адрес Заемщика);<br>- по месту жительства Заемщика (фактический адрес проживания Заемщика, указанный в Заявлении);<br>- по иному адресу Заемщика, указанному в Заявлении. |
| 3.6. Микроқаржылық қызметі туралы Заңның 9-1-бабының 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаға Шарт бойынша құқықтарын (талаптарын) қарыз<br>алушының келісімінсіз беруге. | 3.6. Уступить право (требование) по договору о предоставлении микрокредита лицу, указанному в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона о микрофинансовой деятельности без согласия Заемщика. |
| 3.7. Микрокредиттер беру қағидаларында айқындалған, микрокредит беру туралышартты жасау және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қарыз алушыдан сұратуға. Қарыз алушы төлемдерді өтеу бөлігінде шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және / немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қарыз алушының берешегіне байланысты барлық мәселелер бойынша Қарыз алушымен және Қарыз алушының МҚҰ-ға өз бетінше берген байланыс деректері бар кез келген тұлғалармен байланысуға. | 3.7. Запрашивать у Заемщика документы и сведения, необходимые для заключенияДоговора и исполнения обязательств по нему, определенные правилами предоставления микрокредитов. В случае невыполнения и / или ненадлежащего выполнения Заемщиком свои обязательств по договору в части погашения платежей контактировать с Заемщиком и с любыми лицами, контактные данные, которых были переданы МФО Заёмщиком самостоятельно, по всем вопросам, связанным с задолженностью Заемщика. |
| 3.8. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетінқызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыруға. | 3.8. По заявлению Заемщика осуществлять через банки второго уровня перевод Микрокредита третьему лицу в целях оплаты за товары, работы или услуги. |
| 3.9. Қарыз алушының осы шарт бойынша алынған міндеттемелерді талап етуді. | 3.9. Требовать от Заемщика исполнения обязательств по настоящему Договору. |

| | |
|---|---|
| 3.10. Микроқаржылық қызметі туралы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға, оның ішінде Шарт бойынша талап ету құқықтарын және Қарыз алушы туралы және Қарыз алушы МҚҰ кепілге берген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге. | 3.10. Осуществлять иные права, установленные Законом о микрофинансовой деятельности, иными законами Республики Казахстан и Договором, в том числе передавать права требования по Договору и информацию о Заемщике и переданную Заёмщиком МФО в залог третьим лицам. |
| **Қарыз беруші мыналарға міндетті:** | **Заимодатель обязан:** |
| 3.11. Микрокредитті Шартпен көзделген талаптар, көлем мен мерзімдерде, Қарыз алушының Микрокредитті беру үшін барлық қажет талаптардың орындаған жағдайында, беру. | 3.11. Предоставить Микрокредит на условиях, в объемах и сроки, предусмотренных Договором, при соблюдении Заемщиком всех необходимых условий предоставления Микрокредита. |
| 3.12. Микрокредитті толық өтеген жағдайда артық төленген соманы Қарыз алушының өтініші арқылы Қарыз алушыға Қарыз алушының картасына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы қайтару. | 3.12. При полном погашении Микрокредита на основании заявления Заемщика вернуть переплаченную сумму Заемщику безналичным перечислением на карту Заемщика. |
| 3.13. Қарыз алушыны Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу туралы фактілер және талап себептері туралы ақпараттандыру. | 3.13. Информировать Заемщика о фактах и причинах требования о досрочном погашении Микрокредита. |
| 3.14. Шарт бойынша Қарыз берушінің құқығының (талап етуінің) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін): | 3.14. Уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя) при заключении договора, содержащего условияперехода права (требования) Заимодателя по Договору третьему лицу (далее – «Договор уступки права требования»): |
| а) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ шарттакөзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беру талабына байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы. | а) до заключения Договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а такжеоб обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Договорелибо не противоречащим законодательству Республики Казахстан; |

| | |
|---|---|
| b) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде микрокредитті өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға өткені туралы талаптарды. | b) о переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотреннымв Договоре либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения Договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению Микрокредита третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм через объекты информатизации или способом, указанным в договоре. |

| | |
|---|---|
